


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Саркенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Р.Сыздықтың ғылыми мәтіні бойынша түзілген сөздер жиілігінің 5-қатардағы жиіліктегі «сөз» леммасы мен 6-қатардағы «көркем» леммасының тіркесімде жұмсалудың, жиілік талдамасын корпустық әдіспен алу нәтижесінде тұжырымдар жасауға болады:

✓ Автордың «Сөз құдіреті» мәтінінде де өзіндік жұмсалымдық мәні бар тілдік құрылымдары анықталды: *сөз таңдау, сөз жоқ, сөз құдіреті, сөз қабылдау, сөз әрлеу, сөз эстетикасы, сөз қазынасы, сөз қиыстыру, сөз айшықтары, көркем дүние, көркем поэзия, көркем публицистика, көркем тігіс, көркем құдіреттей, көркем бояулы, тіл ғимараты, тіл тіршілігі, тіл кестесі.*

✓ «Сөз» сөзімен тіркесетін *құдірет, көркем, қазақ, мән, т.б.* тілдік бірліктер арқылы автор қазақ тіліндегі сөздердің көркемдік қызметін, эмоционалдық мағынасын және олардың мәдени-тілдік ерекшеліктерін көрсетеді.

✓ Ғылыми мәтіннің сөздік жиілігі, ондағы сөз қиыстырулар автордың сөз талғаудағы жоғары талғамын танытқан. Тек сөздік жиілікті кітап атауынсыз, авторын атамай ұсынылғанда да ғылыми мәтін мақсаты, оның бағытының стилистика, тіл мәдениеті саласы екені анық көрініс тапқан.

✓ Бұл мәліметтерді кейінгі зерттеулерде толықтай семантикалық талдау үшін мәтіндегі мәнмәтінді, авторлық мақсатты және негізгі ұғымдарды жинақтап зерттеуге, қазақ тілі мен көркем әдебиеттегі тілдік бірліктердің қолдану ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

✓ ең төменгі жиілікте қолданылатын сөздердің басым бөлігі **ө, ү, ә** дауыстыларынан және **қ** қатаң дауыссызынан басталады (2000-ға жуық сөз).

✓ Жиілігі төмен сөздердің біразы зат есім, сын есімдер. Сондай-ақ, етістіктердің ішінде сирек қолданылатын қимыл атаулары бар (шарықтау, мағыналандыру, кескіндеу, т.б.).

✓ Ең қысқа сөздер 2 таңбадан, ең ұзыны 12-15 таңбадан тұратын сөздер және ол ұзақ таңбалылар көбінесе кірме туындылар (*стилистикалық, лексикографиялық, эстетикалық, т.с.с.*).

✓ Бұл еңбектегі негізгі ұғымдардың бірі «тіл құдіреті/ сөз құдіреті», «қазақ прозасы», «көркем стильдік», «лексикалық байлық» тіркестері. Бұлар академик Р.Сыздықтың тілдік стиль мен сөздің көркемдік мағынасын жеткізу құралдары, тірек құрылымдар ретінде айқындалды.

Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы, 2-бас. ., толықт.. – Алматы: Атамұра, 2005. - 271 б.

Д.Ә. Балтабай

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
Астана, Қазақстан*

E-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru

«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. В статье изучаются семантические особенности некоторых языковых единиц, встречающихся в произведении «Шежире-и теракима», а также проводится этимологический анализ слов *құрылтай* и *шешен* в тексте исторического произведения. Поскольку названные слова являются общими словами в тюркском и монгольском языках, мы сочли важным дифференцировать их лексико-семантический характер. В исследовании используются сравнительно-исторические, описательные методы. В целях повышения научной значимости статьи приводятся примеры из афоризмов, пословиц и поговорок на тюркском и монгольском языках. Анализ языковых единиц в лингвистическом аспекте, встречающийся в произведении «Шежире-и теракима», всегда будет иметь важное значение в определении исторической преемственности между чагатайским языком и казахским языком.

Ключевые слова: Шежире-и теракима, этимология, семантика, тюркские языки, монгольские языки.

Abstract. The article studies the semantic features of some linguistic units found in the work "Shezhire-i terakime", and also carries out the etymological analysis of the words *quriltay* and *sheshen* in the text of the historical work. Since these words are common words in the Turkic and Mongolian languages, we considered it important to differentiate their lexical and semantic nature. The study uses comparative-historical, descriptive methods. In order to increase the scientific significance of the article, examples are given from aphorisms, proverbs and sayings in the Turkic and Mongolian languages.

The analysis of linguistic units in the linguistic aspect found in the work "Shezhire-i terakime" will always be important in determining the historical continuity between the Chagatai language and the Kazakh language.

Keywords: Shezhire-i terakime, etymology, semantics, Turkic languages, Mongolian languages.

Түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды сол тілдегі әдеби мұралар тілінен де, тарихи шығармалар тілінен де, қазіргі және көне лексикалық қабатындағы тілдік бірліктерді салыстыру арқылы да анықтауымызға болады. Соның негізінде зерттеу мақаламыздың нысаны ретінде орта ғасырлық тарихи шығарма – Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и теракима» еңбегі алынды. «Шежіре-и теракима» – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. Тарихи шығарма XVII ғасырда шағатай тілінде жазылған. Аталған шығарма түркі халықтары үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып табылады.

Ғалым И.Н. Щербашидзе түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздерді мынадай үш категорияға бөледі: 1) төркіндес түбірлер; 2) түркі тілінен моңғол тіліне енген көне және орта ғасырлық кірме сөздер; 3) түркі тілдеріндегі моңғолизмдер [1, 60]. Осындай тілдік категорияларды негізінде «Шежіре-и теракима» еңбегіндегі моңғолизмдерге этимологиялық талдаулар жасалып, тіл бірліктерінің тарихи тұрғыдан фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістеріне назар аударылды.

Моңғолдар мен түркілердің ұзақ уақытқа созылған тарихи қарым-қатынасы түркі және моңғол тілдерінде, сонымен қатар олардың диалектілерінде екі жақты (түркіден моңғол тілдеріне немесе керісінше) кірме элементтердің пайда болуына алып келді. Кірме сөздердің белгілі бір тобы түркі, моңғол тілдерінің әрқайсысының сөздік қорында мықтап орнығып қалғандықтан, оларды анықтау және олардың хронологиялық ену мерзімін нақтылы айқындау біршама қиындық тудырады.

«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің бірі – *kuraltay*/құрылтай. Тарихи жырда аталған сөз былайша кездеседі: *Siz altı oğulning her biringizdin tört oğul bolup, barçası yigirmi tört padişāhzāde bolup siz altıngızdın başqa men andın qorqa turur men dūnyelik üçün ağızlarıngız ala bolur tip Kūn Hān Irqıl Hācening sözini қабул қılıп uluğ kuraltay қıldı* («Алты ұлдың әр қайсынан туған төрт ұл, жиырма төрт падиша болып, дүние үшін таласып, араз бола ма деп қорқамын» деген Ырқыл Қажының сөзін Күн Хан қабыл қылып, үлкен құрылтай жасайды) [2, 151].

Quraltay / құрылтай моңғол және түрік халықтарына тән атау. Ол қазіргі қазақ тілінде «ұлы жиын» (съезд) деген мағынада қолданылады. Моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі де «құрылтай» мағынасын береді. «Құру», «құрау» тұйық етістіктерінің түбірі де – «құр» сөзі. *Мәжіліс құру, дүние құрау* т.б. тіркестердегі «құру», «құрау» етістіктері әлденені жиюды, жинауды, топтандыруды білдіреді. Моңғол тіліндегі *хураак* етістігінің мағынасы «құрау» етістігіне сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі *құрыл* мен моңғол тіліндегі *хуралдың* мағыналарында өзгешелік бар: бірі – етістік, бірі – зат есім. *Хурал* сөзіне *-даан* қосымшасы жалғану арқылы моңғол тіліне «құрылтай», «мәжіліс», «кеңес» деген мағына беретін *хурадаан* сөзі жасалған. Осы мысалдарға қарап моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі тілімізге аз ғана өзгеріспен *құрылтай* сөзі болып енгендігін көреміз [3, 142].

Моңғол тілінде *хурал* сөзі екі түрлі түбір тұлғасында қолданылады: *хурал* 1) құрылыс, жиналыс; $\approx$ *хийх* құрыл істеу, жиналыс істеу; $\approx$ *аар хэлэлцэх* жиналыста сөйлесу, жиналыста талқылау; $\approx$ *ын тэргүүлэгчид* жиналыс басқармалары; $\approx$ *хуй* мәслихат, мәжіліс, кеңес; *намын* партия жиналысы; *их* $\approx$ ұлы құрыл, жоғарғы жиналыс, съезд; *бага* $\approx$ кіші құрыл, құрылтай, конференция, өкілдер құрылтайы; *бугд* $\approx$ пленум; $\approx$ *нээх* құрыл ашу, жиналыс ашу; $\approx$ *хээх* құрыл жабу, жиналыс жабу; $\approx$ *тарах* жиналыс тарау; 2) (діни) жұма намаз жиыны, жұман намаз оқу. Ал, *хуралдаан* сөзі моңғол тілінде «құрылтай, жиналыс, мәжіліс, кеңес» деген мағынада жұмсалады [4, 629]. Сол секілді *хурал* сөзімен түбірлес сөздерді моңғол тіліндегі мақал-мәтелдерден де көруімізге болады: *Зүү хураавал сүх болдог, сүх хураавал сүм болдог (посл.)*. Если собрать иглы – составится топор, если собрать топоры, то получится храм. Бұл жерде «собрать» мағынасында *хураавал* сөзі қолданылып тұр [5, 117].

Ғалым Г. Дёрфер өз зерттеулерінде: «*құра*- интенсивной формой от *құр*- «собирать», но он же [6, 544-545] оспаривает связь монг. *quri* – «собирать», тюрк. *құра*- с тюрк *құр*- «строить натягивать (лук)». Монг. (и другие) параллели к *құра*» деген анықтама берсе, Г. Рамстедт: «кир., сарт., шор *qura*- заимствованием из монг. языков *quri* - *ja*- > *qura* -, а монг. *quri* -, *qura* – «собираться» сравнивает с тюрк. *qur* – «устраивать» деген ғылыми гипотезаны ұсынады [7, 198]. Последнее сравнение из-за семантических расхождений глаголов кажется не совсем надежным (*құр*- «строить») [8, 158-159].

Г. Дёрфер *құрылтай* сөзін *құралтай* < мо. «*meclis*» «мәжіліс», *uluğ quriltay* «үлкен құрылтай, жиын» мағынасындағы моңғол элементі деп көрсетеді [9, 435]. «Көне түркі сөздігінен» құрылтай сөзінің *quriltaj* «народное собрание» деген мағынада жұмсалғандығын көреміз: *Оғыз қаған улуғ quriltaj қақирди* [10, 468].

Құрылтай сөзіне қатысты «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» төрт түрлі семантикалық мағынасы көрсетілген: 1. тар. Түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі; 2. XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылған жиын; 3. ресми. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан секілді Орта Азия елдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органы; 4. саяси. <орысша.съезд> партиялардың, қозғалыстардың т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы бас қосу жиылысы [11, 433]. *Құралтай* / *құрылтай* / *хұрадаан* формаларына қарап олардың семантикалық мағынасы бір екендігін, түбірі – *құр* / *-құра* / *-хурал* өрбитіндігін көруімізге болады.

«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің бірі – *şeşen/шешен*. Тарихи шығармада *şeşen* сөзінің қолданысы: *Ol aqıllı ve toğuşlı ve mirgen şeşen hünerli her maķāmğa ve her yolğa yörmekni bile turğan ve hanga inaq boldu* (Ол ақылды мерген, дана, шешен, сөзшөң, қай жерге баратынын да жақсы білетін ақылды адам болды) [2, 191].

Моңғол тілінде осы мағынада *цэцэн* сөзі қолданылады. Б. Базылхан «Монгол-казах толь» сөздігінде *цэцэн* сөзінің төмендегідей мағыналарын көрсетеді: 1. Сөзге шешен, тілмар, ұста, шебер; $\approx$ *хун* шешен адам; $\approx$ *цэлмэн* $\approx$ мерген шешен, тақуа, шешен сөзуар; $\approx$ *үг* шешендік сөз, мақал сөз, нақыл сөз; $\approx$ *үг цээжінд*, *цэцэг навч ууланд* шешендік сөзі басында, гүл-бәйшешек тауында (мақал); 2. ауыс. тиетін, тигіш, түзу (мылтық) [4, 700].

Көне моңғол тілі мен қазіргі моңғол тілінің лексикалық қабатында қанша өзгерістер болса да көне формасындағы *цэцэн* сөзі еш өзгеріссіз лексика-фонетикалық ерекшелігін сақтаған. Сонымен қатар, *цэцэн* сөзі аз ғана дыбыстық өзгеріске ұшырап алтай тобынан тараған түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде кездеседі. Ал аталған сөздің семантикалық мағынасы қоғам дамуына қарай белгілі бір деңгейде түрлі мәнге ие болып отырған. *Цэцэн* сөзі «умный, мудрый» мағынасында моңғол мақал-мәтелдерінде де көп ұшырасады. Мысалы:

Их инээд эцэстээ нулимстай цэцэн (Сильный смех приводит в конце к мудрым слезам) (эквивалент: Хорошо смеется тот, кто смеется последним) [5, 58].

Г. Дёрфер *şeşen* сөзіне «ақылды, данышпан» мағынасын беретін моңғолизм ретінде қарастырады. Ғалым *şeşen* = *seşen* деген формасы да бар екенін көрсетеді [9, 332].

Қазақ тілінде *цэцэн* сөзі *шешен* формасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *шешен* сөзінің семантикалық мағыналары: 1. Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам; 2. Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды, шебер сөйлеуші адам; 3. Би, ділмар; Қазақтар сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін адамды *сөзге*, *тілге шешен* деп атайды. Сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілікті *шешендік* деп атайды. *Шешендік сөз* – қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем, әрі шағын дидактикалық жанр; ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз [12, 356].

Түркі тілдерінде *шешен* сөзімен байланысты *шешенсу*, *шешенсінү* деген етістік тұлғасындағы сөздер бар. Өзбек тілінде «неге болса да ұста, шебер» дегенді мағынаны білдіруде *чечан* сөзі қолданылса, тува тілінде «әдемі, көркем» мағынасында *чечен* сөзі қолданылады. Моңғол, бурят, қалмақ тілдерінде *цэцэн*, *сэсэ(н)*, *цэцэ* сөздері «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналарымен қоса «мерген, дәл тигізетін, дәл басатын» деген де мағынаны білдіреді. *Чечен* // *сасан* сөзі «дәл тигізетін мерген» мәнінде алтай, якут, тува тілдерінде де

кездеседі. Моңғол тілдерінде *сәсәрхүү, сәсәрхэхэ* сөзі «ақылымен, тапқырлығымен мақтану» және «шешенсу, данышпансу» деген мәнде жұмсалады. Осындай мағынада қырғыз, алтай, якут тілдерінде *чечерке, сасаарга (чечээр + гээр)* формасы кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде *шешенсу* формасы қолданылады [13, 222].

Ғалым Б.Ө. Орузбаева қырғыз тіліндегі *чечерке* сөзін талдай келе, бұл форма моңғол тілінен ауысқан болу керек деген пікірін айтады [14, 126]. Шешен сөзі – *шеш (чеч, сас, цас, цэц)* түбірі мен қосымшасынан тұратын түрік, моңғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. Якут тілінде *сасанна* «әңгіме айту», *сасаннас* «әңгімелесу, сөйлесу» деген мәнде қолданылады [15, 2177].

Шешен сөзінің түркі тілдерінде қолданыста болуы, мағынасының тұрақталуы Шыңғысхан жорықтары кезіндегі араласудың нәтижесі болуы да мүмкін. Себебі, XI ғасырда түркі тілдерінің сөздік қорын қамтыған М.Қашғаридің «Түркі сөздігінде» *шешен, цэцэн, сэсэн, сосон* нұсқасындағы сөздер кездеспейді. М. Қашғаридің сөздігінде шешендікке, ділмарлыққа, сөйлеу өнеріне қатысты түркі халықтарында «силик ер» сөзі қолданылған. *Силик ер* «өткір тілді», «ділмар» деген мағыналарды білдіреді. Аталған сөздікте «оқымысты, ақылды» мағынасында *билик* сөзі көрсетілген [16, 369-402]. Түркі тілдерінде *цэцэн, сэсэн* сөздерінен өзге *сеч* формасындағы түбір сөз бар. Бұл *сеч* сөзі мен *цэцэн* сөзінің түбірінде семантикалық байланыс болуы мүмкін. Сеч – түрік, гагауз, әзірбайжан тілдерінде «различать» мағынасын білдіреді [17, 268].

Бурят тілінде «ақылды, данышпан» мағынасында *сэсэн* сөзі бар. *Сэсэн (бүридэмэл үгэнүүдые биш болголсодок)* 1. мудрый, умный, разумный, меткий: *сэсэн убгэн* – мудрый старик, *сэсэн бэрхэ* – разумный, мудрый; *сэсэн хүнэй тархи, уран хүнэй хурган* – у мудреца – голова, у портного-пальцы (мақал) ; *сэсэ мэргэн* – мудрый, гениальный; *сэсэн үгэ сээжэдэ, сэсэг набша уулада* – мудрое слово – в груди, цветы и зелень – в горах (мақал). Сондай-ақ, моңғолдардың титулдық лауазым атауы болған: *Сэсэн хаан*. Сол секілді, *цэцэн* сөзімен байланысты Моңғолияда *Цэцэн-хан* аймағы бар [18, 221]. *Сеҫеп / цэцэн / чэчэн / сэчэн / сэсэ(н) / шешен / шечан / сэсэн / чечан / сосон* формаларынан с//ш, ч//ш, ш//ц фонетикалық айырмашылықтарды байқаймыз. Талданып отырған *цэцэн* сөзінің түпкі түбірі *шеш (чеч, сас, цас, цэц)* болуы мүмкін және барлығының да мағынасы «тану, білу, дәл айту, таңдау, іріктеу» деген семантикалық мағыналарды аңғартады.

Қорыта келе, зерттеу барысында «Шежіре-и теракима» еңбегіндегі *құрылтай, шешен* сөздеріне этимологиялық талдау жасалды. «Шежіре-и теракима» Орта Азияда жерінде, түркілер арасында дүниеге келген тарихи шығарма болғандықтан, оның лексикалық қабатында түркілік элементтерден өзге араб, парсы сөздері де мол кездеседі. Ал, моңғолизмдердің қолданысы аса көп емес. Одан өзге, шығармадағы моңғолизм ретінде қарастырылып отырған сөздердің түркі тілдеріне енуі, тарихи қалыптасуына байланысты ғылыми пікірлер әлі де болса гипотезалық деңгейде қарастырылып келеді. Түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы ортақ түбірлер мен тіл бірліктерінің алмасуына қатысты нақтылы ғылыми-тұжырымдар әлі де болса ұзақ зерттеулерді қажет етері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Щербацидзе И. Н. Фрагмент общетюркской лексики (заимствованный фонд) // Вопросы языкознания. – Москва, 1983. – С. 60.
2. Zuhall Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü). Ankara, 1996. – 559 б.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Том 6. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 2014. – 239 б.
4. Базылхан Б. Монгол-казах толь. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.
5. Кульганек И. В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – 184 б.
6. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. III. Wiesbaden, 1967. – 255 б.
7. Ramstedt G. J. Kalmückisches Wörterbuch. Helsinki, 1935. – 560 б.
8. Левитская Л. С., Дыбо А. В., Рассадин В. И. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву 'Қ'. М., 2000. – 261 б.
9. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. I. Wiesbaden, 1963. – 255 б.

10. Древнетюркский словарь / Ред. Наделяев В. М., Насилов Д. М., Тенишев Э. Р., Щербак А. М., Боровкова Т. А., Дмитриева Л. В., Зырин А. А., Кормушин И. В., Летягина Н. И., Тугушева Л. Ю. Л., 1969. – 715 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст. Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Қ – М. Алматы, 2011. – 752 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. –Ү – Я. Алматы, 2011. – 828 б.
13. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966. – 240 б.
14. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964. – 200 б.
15. Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. т. II. 2-е изд., М., 1959. – 2508 б.
16. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы, 2005. – 1288 б.
17. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С» / Авт. сл. статей Благова Г. Ф., Левитская Л. С., Дыбо А. В., Насилов Д. М., Поцелуевский Е. А. – М., 2003. – 474 б.
18. Шагдаров Л. Д., Черемисов К. М. Бурятско-русский словарь. Т. 2: О-Я. Улан-Удэ, 2008. – 708 б.

А. Амирова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

3-курс докторанты

Қазақстан, Астана қ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ «ОТАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

Аннотация. В статье анализируется семантическая классификация концепта «Родина» в казахской и английской паремии. Изучаются языковые единицы, составляющие концепт "Родина". Сопоставительный характер характеризует семантико-содержательный тон концепта «Отан» в пословицах и поговорках на казахском и английском языках.

Ключевые слова: паремнология, паремия, семантическое поле, концепция Родины, концептосфера.

Annotation. The article analyzes the semantic classification of the concept of "Homeland" in Kazakh and English paremia. The linguistic units that make up the concept of "Homeland" are being studied. The comparative character characterizes the semantic and meaningful tone of the concept of "Otan" in proverbs and sayings in Kazakh and English.

Keywords: paremiology, paremia, semantic field, concept of Homeland, conceptosphere.

Ұлттық тілдің концептосферасын әр түрлі концептілер құрайды, солардың ішінде әмбебап концептілер үлкен орын алады. Әмбебап концептілердің бірі – «мемлекет» концептісі. «Мемлекет» концептісін «Отан» – «Ана» – «Жер» триадасынан тұратын субконцептілер құрайды. Өзінің әмбебап сипаты мен жалпыадамзаттық құндылыққа жататынына қарамастан «мемлекет» концептісі ұлттық сипатқа, нақышқа ие. Мемлекет, Отан, туған жер ұғымдары бірқатар лингвистердің, әлеуметтану, философ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Бұл туралы салыстырмалы, салғастырмалы талдаулар жасалған. Мысалы, «Отан» концептісінің екі тілдегі репрезентациясын зерделеу арқылы зерттеуге алынған тілдердегі әлем бейнесінің кейбір ерекшеліктерін анықтауға болады. Сол арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік туады. Концептілердің ұлттық спецификалық сипатын анықтаудың тиімді тәсілі – паремиялар негізінде салғастыра талдау жасау. Паремияларда ұлт мәдениеті, дәстүрі, құндылықтары айқын көрініс табады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Отан» концептісі туралы мақал-мәтелдер қоры – өте бай. Олардың барлығы ұлттық діл, мәдениет, дүниетаным құндылықтар жүйесін бейнелейді. Сондықтан «Отан» концептісінің танымдық сипатын анықтау үшін мақал-мәтелдерді тілдік материал ретінде пайдалану көп нәтиже береді.

Кез келген концептінің бойында ұлттық бояу болады. Өйткені концептінің өзі ұлттық ақпараттар мен ұлт өкілдерінің көзқарастары негізінде қалыптасады. Концепт жағымды, оң бағалауға құрылады. Себебі ұғымның концептілік жүйеге айналуы үшін халықтық ойлау жүйесінде маңызды, құнды, бағалы болуы шарт. Кез келген халық өзі қасиетті деп тапқан